ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«EDU.E-HISTORY.KZ»
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 3(11) шілде-қыркүйек 2017

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журнал

2017, № 3(11)

ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ

электронный научный журнал

2017, № 3(11)

ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ

electronic scientific journal

2017, № 3(11)

Құрылтайшы:
Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Басредактор
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа:
Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А.Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:
З. Төленова

Редактор:
Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:
050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ.,
Шевченко көшесі, 28,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Edu.e-history.kz»
электрондық ғылыми журналының редакциясы
Телефон: +7(727)272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жай: https://edu.e-history.kz/

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.
Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:
РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:
Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусеитова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:
З. Толенова

Редактор:
Р. Кубеев

Адрес редакции:
050010, Республика Казахстан,
г. Алматы,
ул. Шевченко, 28.
Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz»
Редакция электронного научного журнала
Телефон: +7(727)272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Сайт журнала: https://edu.e-history.kz/

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетелйство о регистрации:
№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:
RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology"
of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Editorial board:
R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali, N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov, Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan), Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov, W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:
Z. Tolenova

Editor:
R. Kobeev

Editorial address:
050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,
28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz»
Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: https://edu.e-history.kz/

The scientificjournal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, r
egistration certificate:
No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the journal.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ТЫҢ АРДАГЕРІ КӘМШАТ ДӨНЕНБАЕВА ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ ҚОРЫНДАҒЫ КЕЙБІР ДЕРЕКТЕР

Хамитова М.А.

ҚР МОМ, Қазақстан тарихын зерттеу орталығы (Алматы қ., Қазақстан) тарих ғылымдарының кандидаты

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорынан алынған материалдар негізінде еліміздің дамуына ерен еңбегімен ерекше үлес қосқан, даңқты механизатор, тың ардагері, Социалистік Еңбек Ері Кәмшат Дөненбаеваның азаматтық бейнесі көрсетіледі.
Түйін сөздер: Музей қоры, К. Дөненбаева, механизатор, Социалистік Еңбек Ері, ел дамуы, тың ардагері, абыройлы еңбек, өнеге.

НЕКОТОРЫЕ МАТЕРИАЛЫ О ВЕТЕРАНЕ ЦЕЛИНЫ КАМШАТ ДОНЕНБАЕВОЙ ИЗ ФОНДОВ ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Хамитова М.А.

Центр изучения истории Казахстана ЦГМ РК (г. Алматы, Казахстан) кандидат исторических наук

Аннотация. В статье на основе материалов из фондов ЦГМ РК рассматривается портрет легендарной трактористки, вложившей много труда в развитие страны, ветерана целины, Героя Социалистического труда Камшат Доненбаевой.
Ключевые слова: Музейный фонд, К.Доненбаева, механизатор, Герой Социалистического труда, развитие страны, ветеран целины, плодотворный труд, пример.

SOME MATERIALS ABOUT THE VETERAN OF THE VIRGIN LANDS DEVELOPMENT KAMSHAT DONENBAYEVA FROM THE FUNDS OF THE CENTRAL STATE MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Khamitova M.A.

Center for Studying the History of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan) Candidate of Historical Sciences

Abstract. The article considered the legendary tractor driver, who contributed a lot in the development of the country, the veteran of the Virgin Lands development, the Hero of Socialist Labor Kamshat Donenbayeva (based on the materials from the funds of the Central Museum of the Republic of Kazakhstan).
Keywords: Museum fund, K. Donenbayeva, machine operator, Hero of Socialist Labor, development of the country, veteran of the Virgin Lands development, fruitful work, example.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің терең, жан-жақты көзқарасын білдірген «Болашаққа бағдар; рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «қыруар істі атқарған, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қояды. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр... Біз «Жанында жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш»-деп көрсетті [1].

Осындай жастарға үлгі болып жанымызда жүрген жақсы адамдарымыздың бірі-биыл 80-жасқа толғалы отырған Социалистік Еңбек Ері атанған санаулы қазақ қызының бірі Кәмшат Байғазықызы Дөненбаева. Жастайынан қиындық көріп, анасы науқас болғандықтан өмірдің ащысы мен тұщысын бір кісідей сезінген, барлық табыстарына өзінің адал еңбек, маңдай терімен жеткен, Кәмшат анамыз: «Қай заманда да, қай ғасырда да қоғамның дамуына дене еңбегі мен ақыл-ой еңбегі адамдарының үлесі бірдей қажет екені белгілі. Адам қандай жұмыс түрін атқарса да оның төккен тері, сіңірген еңбегі өз Отанын өркендетуге, өз басын, отбасын асырауға, жақын-жуықтарына көмек-демеу жасауға арналатындығы анық» дейді [2]. Сондай-ақ «Балаларды қаршадайынан отансүйгіш, денсаулығы мықты, жан-жақты, мемлекеттік тілді білетін азамат ретінде қалыптастыра білу керек» деген пікірді ұстанады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі қорында 53 сақтау бірлігін құрайтын Кәмшат Дөненбаеваның жеке кешені сақтаулы. Атап айтсақ: Камшаттың әкелі-балалы және ағайынды механизаторлар Косолаповтар династиясымен егіс даласында түскен суреттері (КП 16705/11); К.Дөненбаева мен Т.Терещенколарға 400 гектар жерді жыртуда жеткен көрсеткіштері үшін вымпел тапсыру сәті (КП 16283/3); Социалистік Еңбек Ері К.Дөненбаеваның Алматы қаласының № 2 мектеп-интернаты оқушыларымен (КП 18999/13), «Харьковский» совхозының оқушыларымен (ФКП 13618/29), Мәскеу қаласы оқушыларымен «Көгілдір от» телебағдарламасында кездесуі (ФКП 13654/5); Еңбек коллективімен (ФКП 13654/10), (КП 18999/15), (ФКП 13654/17), тракторист құрбыларымен (ФКП 13654/11); Түрлі республикалық, Мәскеу қаласында өткен Одақтық конференциялар мен слеттар кезінде түскен (ФКП 13654/2), (ФКП 13654/18), (ФКП 13622/4), (КП 13654/13), (ФКП 13574/14); Ауыл тұрғындарымен детутат ретінде кездесу сәттері (ФКП 13618/28); Ленинградтың Киров заводы жұмысшылары сыйға тартқан К-700 (13654/8), К-701 (КППМ 2547) тракторларымен жер жырту (ФКП 13386), қар тоқтату (ФКП 13654/9) кездерінде түсірген; Үй-жайы (КП 16283/8), отбасымен бірге (ФКП 13654/19), (ФКП 13654/3), фотопортреті (ФКП 13618/27) тағы басқа көптеген фотоқұжаттар мен қатар, Грамотасы (КП 14055/1); Социалистік Еңбек Ері атағын алуына байланысты түрлі Үкімет тарапынан жіберілген құттықтау телеграммалары (КП 14055/6), (КП 14055/7), әсіресе, Қазақстан Орталық ПК бірінші хатшысы Д.Қонаевтың қолы қойылған құттықтау телеграммасы (КП 14055/3); Съездерге (КП 14055/4), Республика аралық жарыстарға (КП 14055/8) шақыру-телеграммалары; К.Дөненбаеваның № 4382 депутаттық мандаты (КП 14055/2); 1967 -1972 жылдардағы Есеп кітапшалары (КППМ 2177/1-10) секілді құжаттарды зерделеп, қосымша деректермен таныса отырып, жастық жігерін еңбек майданына арнаған Кәмшат Дөненбаеваның өмірінен мәлімет аламыз [3].

Кәмшаттың әкесі Байғазы Таспаев – Мәскеу қаласында оқып жоғары білім алған заңгер маман болған. Ұлы Отан соғысына қатысып, Мәскеуді қорғауда ауыр жараланады. Госпитальда емделгеннен кейін оны Қостанайға жібереді сол жақтан Демьяновка аудандық прокуроры болып тағайындалады. Осы Демьянов ауданында 1937 жылдың қыркүйек айының 15 жұлдызында Кәмшат дүниеге келеді. Кәмшат жастайынан алғыр, әдепті де ақылды болып, жастайынан

қоғамдық жұмыстарға араласып, комсомол ұйымының белсенді мүшесі болды. 1959 жылы әскери міндетін өтеп келіп, көрші «Каменск-Уральск» совхозының комсомол ұйымының хатшысы болып жұмыс жасап жүрген Темірбек есімді жігіттің аққөңілділігі, адамгершілігі, жомарттығы, бір сөзділігі Кәмшатқа ұнаған екен. Екеуі де бір-бірін қатты ұнатады. Болашақ жары Кәмшаттың анасына да өте ұнаған болуы керек, «көзім тірі кезінде сенің шаңырақ көтергеніңді көрейін, Егер Темірбекті шын сүйсең, көп ойланба. Меніңше, ол сені бақытты етіп, алақанына салып өтеді» деп, анасы қызына ризашылығын білдіреді [4].

Сөйтіп, 1960 жылы 17 жастағы көркем бойжеткен Кәмшат тепсе темір үзетін, ақылына сымбаты сай 23 жастағы жігіттің сұлтаны Темірбекке тұрмысқа шығып, Меңдіқара ауданындағы Ақсуат ауылына келін болып түседі. Жан-жары екеуі төрт бала тәрбиелеп өсіріп, тату-тәтті ғұмыр кешті. Өзінің жан-дүниесін терең түсініп, үнемі қамқорлық жасап, бүгінгі күнгі дәрежеге жеткізген жан-жары Темірбектің алдында қарыздармын деп, Кәмшат отағасын өмірі бойы пір тұтты. Музей қорында Социалистік Еңбек Ері, СОКП XXV съезінің делегаты, IX сайланған КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты К.Дөненбаеваның 1977 жылы отбасымен бірге түскен суреті сақталған (ФКП 13654/19). қыздары Гүлжан, Гүлшат, ұлдары Асқар және Сырым Кәмшат және жолдасы Темірбек Дөненбаев. 1977 ж. [3]. Бүгінгі күні балалары ел-жұртқа танымал, беделді, абыройлы азаматтар, облыстағы білікті мамандар. Төрт баладан он екі немере сүйіп отыр.

Еңбек жолын Ұзынкөл элеваторында жұмыс істеуден бастаған Кәмшат 1961 жылдан Қостанай облысы, Боровский ауданы «Харьковский» совхозында механизатор болып еңбек еткен. Осы облыстың Меңдіқара ауданындағы «Каменьск-Уральский» кеңшарында механизаторлар дайындайтын курсты, кейін Қостанай ауыл шаруашылық техникумын сырттай оқып бітірген. Тракторшы болу Кәмшаттың өзінің жүрек қалауы және жары Темірбек екеуінің шешімі.

1972 жылы қайырмасыз соқамен жер жыртуда Кәмшат әйел механизаторлар арасында өткізілген облыстық жарыста бірінші орынға, республикалық жарыста үшінші орынға, 1973 жылы Ростов облысындағы Зерноградта бүкілодақтық жарыста жүлделі орынға ие болған. Музей қорында сақталған құнды фотоқұжаттардың бірі–Кәмшат «Кировец» тракторының кабинасынан төменде тұрған Қазақстан КП Бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевпен обкомның сол кездегі бірінші хатшысы Андрей Бородинге алған социалистік міндеттемесін орындағаны туралы баяндап тұрған кезі бейнеленген сәті (КП 13654/12) [3].

Кәмшат елімізде алғаш рет «К-700» сияқты алып тракторды меңгеріп, талай қыз-келіншектерге жол көрсетті. Қазақ қыздарының ауыл шаруашылық техникаларын меңгеруіне үлгі өнеге болды. Музей қорындағы мына бір фотоқұжатта Азово-Черноморский ауыл шаруашылығын механизациялау институтының мамандары ұсынған «К-701» тракторына тіркелген ЖВН-6 атты 3 дестелегіштен тұратын кең ауқымды 18-метрлік егін оратын «Целина» машинасын сынақтан өткізу кезінде сынаққа қатысушы Алматы «Госкомсельхозтехника» тәжірибелік-эксперименттік заводының цех бастығы Арзат Арзиевтің Кәмшатпен агрегаттың тораптарының жұмысын талқылап тұрған кезі бейнеленген (КП 15985/2).



Сонымен қатар, машинаны өндірістік сынақтан өткізген Одақ көлемінде танымал механизатор, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Социалистік Еңбек Ері Кәмшат Дөненбаеваның сынақ жұмыстары кезінде КазТАГ-тың фотокорреспонденті В.Давыдов түсірген суреттері сақталған (КП 15985/4) [3]. Әрі жылдам, әрі маневр жасауға епті бұл агрегат егін ору кезінде бір өзі үш комбайнның жұмысын атқарады және Кәмшат бір сменада 100 гектарға дейін егін орған. Ер азаматтан артық ерен еңбегі нәтижесінде Кәмшат Дөненбаеваға Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Құрмет дипломы және «Москвич» автомашинасы берілді. Ол СОКП XXV съезінің делегаты, IX сайланған КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты. 1980–1985 жылдары КСРО Жоғарығы Кеңесінің Ұлттар Кеңесі төрағасының орынбасары болды. 1976 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Екі рет Ленин орденімен, Құрмет белгісі орденімен марапатталған [5].

1990–1993 жылдары Кәмшат Байғазықызы осы кеңшарда қауіпсіздік техникасының инженері, 1993 жылдан шаруа қожалығын басқарды. Жұмысты да үлкен абыроймен орындап, үй шаруасына да үлгеріп, қырық бес жыл жыл енесін қолында ұстап, үстіне кір жуытпай, тырнағын алып, шашын өріп анасынан артық жақсы көріп, тәрбиеледі.

Міне, осының бәрін де менің келіндерім өз көздерімен көріп, көңілдеріне түйді. Сондықтан болса керек, олардың маған деген ықыластары мен құрметтері де ерекше екендігі әрбір сөздері мен ниеттерінен кәдімгідей аңғарылып тұрады,- деген екен Кәмшат Байғазы қызы журналистерге берген сұхбатында. Кәмшаттың «ағайын-туған, абысын-ажын, қайнаға-қайнысымен қарым қатынасының өзі бір өнеге» деп жазды журналист С. Меңдібай.

Қазіргі таңда әрбір қазақтың шаңырағына ұйытқы болып отырған жас келіндер мен болашақта тұрмыс құратын бойжеткендерге Кәмшат ана «Өз азаматтарыңды қалай сыйласаңдар, оларды жарық дүниеге әкелген аналарына да сондай ілтипатпен қараңдар» деп тілек қылады [6].



Тың ардагері, ардақты ана, сүйікті ене, аяулы әже - Кәмшат Байғазықызы облыс өміріндегі қоғамдық жұмыстардан қалмады. Сайлау кезінде Президентіміз Н.Назарбаевтың сенімді өкілі болды. Кәмшат Байғазықызы «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық Кеңесінің мүшесі, Облыстық әйелдер ісі жөніндегі және отбасылық-демографиялық комиссияның құрамында жұмыстар атқарды. Қостанай облысының және Қостанай қаласының құрметті азаматы.

Бүгінгі жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін олар осы Кәмшат Байғазықызы Дөненбаева секілді өз отанының шын патриоттарын үлгі ұстануы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Дөненбаева, К. Еңбек адамның жанын түсінген. //Қостанай таны. - 2006. - 13 қаңтар. – 8 б.
2. ҚР МОМ қоры. ФКП 13618,13622, 13654; КППМ 2177/1-10; КП14055/1-8.
3. Дөненбаева К. Туған жердің армансыз тердім гүлін. //Қостанай таңы. № 102. 13 қыркүйек, 2013. -4 б.
4. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. «Алматыкітап баспасы», 2009.
5. Қазақтың Кәмшаты. //Ана тілі. -2013. 7 наурыз.

REFERENCES

1. https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru
2. Donenbayeva K. Enbek adamnyn zhanyn tucingen. //Kostanai tany. - 2006. - 13 kantar. – 8 b.
3. KR MOM kory. FKP 13618,13622, 13654; KPPM 2177/1-10; KP14055/1-8.
4. Donenbayeva K. Tugan zherdin armansyz terdim gulin. // Kostanai tany. № 102. 13 kyrkuek, 2013. -4 b.
5. Tarikhi tulgalar. Tanymdyk - kopshilik basylym. Kurastyrushy: Togysbayev B. Suzkikova A. – Almaty. «Almatykitap baspasy», 2009.
6. Kazaktyn Kamshaty. //Ana tili. -2013. 7 nauryz

МАЗМҰНЫ

Алиясова В.Н.
ҚАЗАҚСТАН МҰРАЖАЙЛАРЫ ПАЛЕОНТОЛОГИЯЛЫҚ КОЛЛЕКЦИЯЛАРДЫ САҚТАУ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУ ОРТАЛЫҚТАРЫ РЕТІНДЕ ……..8
Атығаев Н.
XVI –XVIII ҒҒ. ҚАЗАҚ-ҮНДІС ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ ТАРИХЫНА ……17
Базарбаева Ғ.А., Жұмабекова Г.С.
САРЫАРҚАНЫҢ КӨНЕ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ӨНЕРІНДЕГІ ЗООМОРФТЫ БЕЗЕНДІРІЛГЕН ЗАТТЫҢ АТРИБУЦИЯСЫ.....31
Бисембаев А.А.
ОЙЫЛДЫҢ ОРТА АҒЫСЫНДАҒЫ ҚҰМДЫ МАССИВТЕН ЖАҢА ТАБЫЛҒАН «ЕЖЕЛГІ ВЕНГРЛЕР» ТОРЕВТИКАСЫ.....38
Жұмабекова Г.С., Бейсенов А.З., Базарбаева Ғ.А.
«ТАУЛАР БЕЛДЕУІ» КӨНЕ ТҰРҒЫНДАРЫ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ МЫСЫҚ ТҰҚЫМДАС ЖЫРТҚЫШТАР БЕЙНЕЛЕРІ.....45
Исеналинов А.Р.
ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ МГИНСК-СИНЯВИНСК ЖОТАСЫНДАҒЫ ШАЙҚАСТАРҒА ҚАТЫСУЫ.....52
Касенова Б.Б., Келдібаева Д.Р.
ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС АЗИЯДАҒЫ ҚЫТАЙДЫҢ ГЕОСАЯСИ МҮДДЕЛЕРІ.....60
Қозғамбаева Г.Б.
ДҮНИЕЖҮЗІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ БАСЫН ҚОСҚАН ТҰҢҒЫШ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ШАҚЫРЫЛУЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ (25 ЖЫЛ).....72
Күлсариева С.П., Боранбаева Ж.А.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПОСТКЕҢЕСТІК ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІК.....77
Құрманалина Н.Н.
ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР ҚАТЫНАСЫ АЛЫС ШЕТЕЛ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ.....89
Легкий Д.М.
«ОЛ СІБІР МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЕКАРАСЫНДА ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫНА ҚОНЫСТАНДЫ» МИХАИЛ БАХТИННІҢ ҚУҒЫНДАЛУ ТАРИХЫ: ПРОБЛЕМАЛАР, ІЗДЕНІСТЕР.....100
Мамыров Т.Б., Артюхова А.О.
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ ҚОРЫНДАҒЫ ТАС ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР КОЛЛЕКЦИЯСЫН ЗЕРТТЕУ.....110
Марьяшев А.Н., Горячев А.А.
СОЛТҮСТІК ТЯНЬШАНЬ ҚОЛА ДӘУІРІ ҚОНЫСТАРЫН ЗЕРТТЕУ.....115
Нұрсұлтанова Л.Н., Санатова М.К.
ЕУРОПА ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯ АЙМАҒЫНДАҒЫ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....129
Омарбаев Ы.Қ.
ҰОС КЕЙІНГІ КЕҢЕС АЗАМАТТАРЫНЫҢ РЕПАТРИАЦИЯЛАНУЫ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ПАСПОРТ ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРІНІСІ.....142
Омарбеков Т., Отарбаева А.Б.
«ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ» ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ.....149
Оңғаруұлы А.
ЖЕТІСУ САҚТАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ІРІ ОБАЛАРДЫҢ АЛАР ОРНЫ.....159
Оразбаева А.И.
ЕУРАЗИЯ КӨШПЕНДІЛЕРІНІҢ "СОҒЫС" ФИЛОСОФИЯСЫ.....166
Орынбаева Г.У.
ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АУЫЛДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ (ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА).....177
Өтепова Г.
«ҮШ ЖҮЗ» ҰЛТТЫҚ ПАРТИЯНЫҢ ТАРИХЫНАН (ПАРТИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН).....194

Төлеубаев Ә.Т.
ҚАЗАҚТЫҢ АСПАН ӘЛЕМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТҮСІНІКТЕРІ, ҒҰРЫПТАРЫ.....210
Хамитова М.А.
ТЫҢ АРДАГЕРІ КӘМШАТ ДӨНЕНБАЕВА ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ ҚОРЫНДАҒЫ КЕЙБІР ДЕРЕКТЕР.....221
Хасенова Б.М.
АРЫСТАН БЕТПЕРДЕЛІ БІЛЕЗІКТЕР: БІР ӘШЕКЕЙДІҢ ТАРИХЫНАН.....226
Хасенова Б.М.
ҚИМАҚ ҚАҒАНАТЫНДАҒЫ ДІН МӘСЕЛЕСІ: ТОРЕВТИКА ДЕРЕКТЕРІ.....230
Шахидулла Д.М., Мұхажанова Т.Н.
ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚ-ТҮРІК МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ЖАҢАРУЫ.....234

СОДЕРЖАНИЕ

Алиясова В.Н.
МУЗЕИ КАЗАХСТАНА КАК ЦЕНТРЫ СОХРАНЕНИЯ И ПОПУЛЯРИЗАЦИИ ПАЛЕОНТОЛОГИЧЕСКИХ КОЛЛЕКЦИЙ ……..8
Атыгаев Н.
К ИСТОРИИ КАЗАХСКО-ИНДИЙСКИХ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ В XVI-XVIII ВВ.....…….....…..17
Базарбаева Г.А., Жумабекова Г.С.
К АТРИБУЦИИ ЗООМОРФНО ДЕКОРИРОВАННОГО ПРЕДМЕТА В ИСКУССТВЕ ДРЕВНЕГО НАСЕЛЕНИЯ САРЫАРКИ.....31
Бисембаев А.А.
НОВЫЕ НАХОДКИ «ДРЕВНЕВЕНГЕРСКОЙ» ТОРЕВТИКИ ИЗ ПЕСЧАНЫХ МАССИВОВ СРЕДНЕГО ТЕЧЕНИЯ УИЛА.....38
Джумабекова Г.С., Бейсенов А.З., Базарбаева Г.А.
ИЗОБРАЖЕНИЯ КОШАЧЬИХ ХИЩНИКОВ В КУЛЬТУРЕ ДРЕВНЕГО НАСЕЛЕНИЯ «ПОЛОСЫ ГОР».....45
Исеналинов А.Р.
УЧАСТИЕ КАЗАХСТАНЦЕВ В СРАЖЕНИЯХ НА МГИНСКО-СИНЯВИНСКОМ ВЫСТУПЕ.....52
Касенова Б.Б., Келдибаева Д.Р.
ГЕОПОЛИТИЧЕСКИЕ ИНТЕРЕСЫ КИТАЯ В ЮГО-ВОСТОЧНОЙ АЗИИ.....60
Козгамбаева Г.Б.
ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ПЕРВОГО ВСЕМИРНОГО КУРУЛТАЯ КАЗАХОВ.....72
Кульсариева С.П., Боранбаева Ж.А.
ПОСТСОВЕТСКАЯ ЭТНИЧЕСКАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ В КАЗАХСТАНЕ.....77
Курманалина Н.Н.
КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКИЕ ВЗАИМООТНОШЕНИЯ В ТРУДАХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ ДАЛЬНЕГО ЗАРУБЕЖЬЯ.....89
Легкий Д.М.
«ПОСЕЛИЛСЯ НА ГРАНИЦЕ СИБИРИ И КАЗАХСТАНА В Г. КУСТАНАЕ» ИСТОРИЯ ССЫЛКИ МИХАИЛА БАХТИНА: ПРОБЛЕМЫ, ПОИСКИ.....100
Мамиров Т.Б., Артюхова А.О.
ИЗУЧЕНИЕ КОЛЛЕКЦИЙ КАМЕННОГО ИНВЕНТАРЯ В ФОНДАХ АКТЮБИНСКОГО ОБЛАСТНОГО ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКОГО МУЗЕЯ.....110
Марьяшев А.Н., Горячев А.А.
ВОПРОСЫ ИЗУЧЕНИЯ ПОСЕЛЕНИЙ ЭПОХИ БРОНЗЫ СЕВЕРНОГО ПРИТЯНЬШАНЬЯ.....115
Нурсултанова Л.Н., Санатова М.К.
ОСНОВНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ИНТЕГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ В ЕВРОПЕЙСКОМ И ЕВРАЗИЙСКОМ РЕГИОНЕ.....129
Омарбаев И.К.
РЕПАТРИАЦИЯ СОВЕТСКИХ ГРАЖДАН ПОСЛЕ ВОВ И ОТРАЖЕНИЕ В НЕЙ ПАСПОРТНОЙ СЛУЖБЫ.....142
Омарбеков Т., Отарбаева А.Б.
ЗНАЧЕНИЕ ШЕЛКОВОГО ПУТИ В МИРОВОЙ ИСТОРИИ.....149
Онғарулы А.
МЕСТО КРУПНЫХ КУРГАНОВ В МИРОВОЗЗРЕНИИ САКОВ ЖЕТЫСУ.....159
Оразбаева А.И.
ФИЛОСОФИЯ «ВОЙНЫ» КОЧЕВНИКОВ ЕВРАЗИИ.....166
Орынбаева Г.У.
ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНСКОГО СЕЛА В ПЕРИОД ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ (НА ПРИМЕРЕ КУСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ).....177
Отепова Г.
ИЗ ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ПАРТИИ «УШ ЖУЗ» (К 100-ЛЕТИЮ ОБРАЗОВАНИЯ ПАРТИИ).....194
Толеубаев А.Т.
КАЗАХСКИЕ ПОНЯТИЯ, ОБРЯДЫ, СВЯЗАННЫЕ С НЕБЕСНЫМ МИРОМ.....210

Хамитова М.А.
НЕКОТОРЫЕ МАТЕРИАЛЫ О ВЕТЕРАНЕ ЦЕЛИНЫ КАМШАТ ДОНЕНБАЕВОЙ ИЗ ФОНДОВ ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....221
Хасенова Б.М.
БРАСЛЕТЫ С ЛЬВИНЫМИ ЛИЧИНАМИ: К ИСТОРИИ ОДНОГО УКРАШЕНИЯ.....226
Хасенова Б.М.
К ВОПРОСУ О РЕЛИГИИ В КИМАКСКОМ КАГАНАТЕ: ДАННЫЕ ТОРЕВТИКИ.....230
Шахидулла Д.М., Мұхажанова Т.Н.
ВОЗОБНОВЛЕНИЕ КАЗАХСКО-ТУРЕЦКИХ КУЛЬТУРНЫХ ОТНОШЕНИЙ В ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ.....234

CONTENTS

Aliyassova V.N.
MUSEUMS OF KAZAKHSTAN AS CENTERS OF PRESERVATION AND POPULARIZATION OF PALEONTOLOGICAL COLLECTIONS.....8
Atygaev N.
ON THE HISTORY OF KAZAKH-INDIAN RELATIONS IN THE XVI-XVIII CENTURY.....17
Bazarbayeva G.A., Jumabekova G.S.
ON THE ATTRIBUTION OF A ZOOMORPHICALLY DECORATED SUBJECT IN THE ART OF THE SARYARKA ANCIENT POPULATION.....31
Bissembayev A.A.
NEW FINDINGS OF THE "ANCIENT HUNGARIAN" TOREVTIKA FROM THE SANDY MASSIF THE FLOW OF THE RIVER OIL.....38
Jumabekova G.S., **Beisenov A.Z.**, **Bazarbayeva G.A.**
THE ANIMAL IMAGES IN THE CULTURE OF THE ANCIENT POPULATION OF THE “STRIP OF MOUNTAINS”.....45
Icenalinov A.R.
PARTICIPATION OF KAZAKHSTANIS IN THE BATTLES ON THE MGINSKO-SINYAVINSKY SALIENT.....52
Kasenova B.B., Keldibayeva D.R.
CHINA’S GEOPOLITICAL INTERESTS IN THE SOUTH-EAST ASIA 60
Kozghambayeva G.B.
HISTORICAL SIGNIFICANCE OF THE FIRST WORLD KURULTAY OF KAZAKHS.....72
Kulsariyeva S.P., Boranbayeva Zh.A.
POST-SOVIET IDENTITY IN KAZAKHSTAN.....77
Kurmanalina N.N.
THE KAZAKH-DZHUNGAR RELATIONSHIPS IN THE WORKS OF ‘FAR ABROAD’ RESEARCHERS.....89
Legkij D.M.
“SETTLED DOWN ON THE BOUNDARY OF SIBERIA AND KAZAKHSTAN IN KOSTANAI CITY” THE EXILE HISTORY OF MIKHAIL BAKHTIN: THE PROBLEMS AND SURVEY.....100
Mamirov T.B., Artuhova A.O.
STUDYING COLLECTIONS OF STONE IMPLEMENTS IN FUNDS OF AKTOBE REGIONAL MUSEUM OF LOCAL HISTORY.....110
Mar'yashev A.N., Goryachev A.A.
QUESTIONS OF STUDY OF SETTLEMENTS OF EPOCH OF BRONZE OF NORTH TIEN SHAN.....115
Nursultanova L.N., Sanatova K.
THE MAIN FEATURES OF INTEGRATION PROCESSES IN EUROPEAN AND EURASIAN REGIONS.....129
Omarbaev Y.K.
РЕПАТРИАЦИЯ СОВЕТСКИХ ГРАЖДАН ПОСЛЕ ВОВ И ОТРАЖЕНИЕ В НЕЙ ПАСПОРТНОЙ СЛУЖБЫ.....142
Omarbekov T., Otarbayeva A.B.
ЗНАЧЕНИЕ ШЕЛКОВОГО ПУТИ В МИРОВОЙ ИСТОРИИ.....149
Onggaruly A.
THE PLACE OF LARGE MOUNDS IN THE WORLDVIEW OF THE ZHETYSU SAKS.....159
Orazbayeva A.I.
THE PHILOSOPHY OF THE "WAR" OF THE NOMADS OF EURASIA.....166
Orinbayeva G.U.
EVERYDAY LIFE OF A KAZAKH VILLAGE DURING THE SECOND WORLD WAR (ON THE EXAMPLE OF THE KOSTANAY REGION).....177
Otepova G.
FROM THE HISTORY OF THE NATIONAL PARTY "USH ZHUZ" (TO THE 100-TH ANNIVERSARY OF THE FORMATION OF THE PARTY**)**.....194
Toleubaev A.T.
KAZAKH CONCEPTS AND RITUALS RELATED TO THE CELESTIAL WORLD.....210

Khamitova M.A.
SOME MATERIALS ABOUT THE VETERAN OF THE VIRGIN LANDS DEVELOPMENT KAMSHAT DONENBAYEVA FROM THE FUNDS OF THE CENTRAL STATE MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....221
Khasenova B.M.
BRACELETS WITH LION IMAGES: ON THE HISTORY OF ONE OF THE PIECES OF JEWELLERY 226
Khasenova B.M.
ON THE QUESTION OF RELIGION IN THE KIMAK KHAGANATE: TOREUTICS DATA...……...….....230
Shahidulla D., Mukhazhanova T.
RENEWAL OF KAZAKH-TURKISH CULTURAL RELATIONS IN THE YEARS OF INDEPENDENCE.....234

EDU.E-HISTORY.KZ
электрондық ғылыми журналы
2017. 3(11)
Бас редактор: Қабылдинов З.Е.
Компьютерде беттеген: Зикирбаева В.С.
Жарияланған күні: 30.09.2017.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.
Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz
Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй